	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАК НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Хаттама
		Редакция: I 3 беттің I беті

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ – ДАЙЫНДАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Селектор

№10

23 маусым 2021 жыл

ОӘБ Төрағасы Нургожин Т.С.

ОӘБ Төрағасының орынбасары Сыдыкова С.И.

ОӘБ атқарушы директоры Ахметов В.И.

КҮН ТӘРТІБІ

1. ҚР БҒМ СБ тізілімінде резидентура мамандықтарының атауы мен шифрларын талқылау, баяндамашы ҚазҰМУ Академиялық қызмет жөніндегі проректоры Байльдинова К.Ж.
2. «Нутрициология» комитетінің ашылуын талқылау, баяндамашы ОӘБ Төрағасы Нургожин Т.С.
3. Қосымша және бейресми білім беруді қоса алғанда, алдыңғы дайындықтың оқыту нәтижелерін тану және қайта есепке алу, баяндамашы ҚазҰМУ АЖД басшысының орынбасары Ташетова А.Б.
4. Денсаулық сақтау дайындау бағыты бойынша ОӘБ-ге өтініштерді талқылау, баяндамашы ОӘБ Төрағасының орынбасары Сыдыкова С.И.

1-сұрақ.


ҚР БҒМ СБ тізілімінде резидентура мамандықтарының атауы мен шифрларын талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ:

ҚазҰМУ Академиялық қызмет жөніндегі проректоры Байльдинова К.Ж. НҚА сәйкес резидентура мамандықтарының атаулары мен шифрлары туралы баяндады: ҚР ДСМ 21.12.2020 № ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен маманданымдардың номенклатурасын, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі - Номенклатура), ҚР ДСМ 2021 жылғы 25 мамырдағы № ҚР ДСМ-43 «Резидентура бағдарламаларының медициналық мамандықтарының тізбесін бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі - Тізбе).

ШЕШІМ:

1.1 Денсаулық сақтауды дайындау бағыты бойынша ОӘБ ҚР ДСМ 21.12.2020 № ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен маманданулардың номенклатурасын, Денсаулық сақтау қызметкерлері

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАК НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Хаттама

лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына (бұдан әрі-Номенклатура), ҚР ДСМ 2021 жылғы 25 мамырдағы № ҚР ДСМ-43 «Резидентура бағдарламаларының медициналық мамандықтарының тізбесін бекіту туралы» бұйрығына (бұдан әрі - Тізбе) сәйкес:

- Даярлау кемінде бір оқу жылы жүргізілетін және оқыту нәтижелерінде өзгерістер жоқ осы Хаттамаға 1-қосымшада келтірілген резидентура ББ ҚР БҒМ ББ тізілімінде «қолданыстағы» мәртебесін айқындау.

- Осы Хаттамаға 2-қосымшада келтірілген, тізбеге 2021 жылғы мамырдан бастап енгізілген немесе оқыту нәтижелерінде өзгерістері бар резидентура ББ ҚР БҒМ ББ тізілімінде «жаңа» мәртебесін айқындау.

1.2 ОӘБ комитеттері «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР ДСӘДМ М.А. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін осы Хаттамаға 2-қосымшада келтірілген резидентура ББ оқыту нәтижелерін әзірлесін немесе қайта қарасын.

1.3 ОӘБ НҚА өзгеруіне байланысты резидентура ББ мәртебесі мәселесі бойынша ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығына өтініш берсін.

2-сұрақ.

«Нутрициология» комитетінің ашылуын талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ:

ОӘБ төрағасы Нургожин Т.С.: ОӘБ-ге «Қазақ тағамтану академиясы» ҚБ тамақтану жөніндегі мамандарды даярлау мәселелерін ұйымдастыру және реттеу мақсатында «Нутрициология» және «Диетология» мамандықтары бойынша бірыңғай комитет құру туралы өтінішпен жүгінді.

ШЕШІМ:

2.1 Қоғамдық денсаулық мамандарын және өзге де денсаулық сақтау мамандарын дайындау бағдарламаларының ЖБТ жанындағы «Нутрициология» комитетінің ашуы мақұлданын.

2.2 Осы хаттамаға 3-қосымшаға сәйкес «Нутрициология» комитетінің құрамы бекітілсін.


3-сұрақ.

Қосымша және бейресми білім беруді қоса алғанда, алдыңғы дайындықтың оқыту нәтижелерін тану және қайта есепке алу.

ТЫҢДАЛДЫ:

Жұмыс тобының мүшесі, ҚазҰМУ АЖД басшысының орынбасары Ташетова А.Б. бірлескен жұмыс нәтижелері туралы баяндады.

ШЕШІМ:

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАК НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Хаттама

- 3.1 ОӘБ-нің қосымша және бейресми білім беруді қоса алғанда, алдыңғы дайындықтың оқыту нәтижелерін тану және қайта есептеу жөніндегі ұсыныстарын ОӘБ-нің электронды почтасына жіберілсін (umo.rums.med@gmail.com) 2021 жылдың 25 маусымға дейін.
- 3.2 Жұмыс тобы ДСДРО-мен бірлесіп 2021 жылғы 5 шілдеге дейін «Медицина» ББ бойынша каталогтың («Outcomes for graduates» 2018 каталогының аналогы) және оқу нәтижелерін тану және игерілген оқу бағдарламаларын/пәндерді академиялық кредиттер түрінде қайта есептеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар жобаларын жасасын.

4-сұрақ.

Денсаулық сақтау дайындау бағыты бойынша ОӘБ-ге өтініштерді талқылау.

ШЕШІМ:

- 4.1 ҒАРД директорының міндетін атқарушы Д.К. Алдынгуровтың хаты бойынша ОӘБ ЖБТ және педиатриялық бейіндегі ББ комитеттерінің өкілдері кәсіби стандарттарды әзірлеуге белсенді қатысады, СБШ және 2021 жылдың 4 тоқсанында балаларға медициналық көмек көрсету үшін дәрігер кадрларды даярлауды талқылау бойынша дөңгелек үстел ұйымдастыруды ұсынады.
- 4.2 ҚазҰМУ-дың 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін оқуға қабылданған адамдарға білім туралы құжаттарды беру туралы өтініші бойынша ОӘБ білім туралы құжаттардың түрлерін, Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын әзірлеу, бекіту және оларды есепке алу мен беру қағидалары, Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптар және оларды есепке алу мен беру Қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құзыретіне жатады және білім беру ұйымдарына білім саласындағы уәкілетті органға өтініш жасауға ұсыным береді.
- 4.3 2017 жылғы МЖМБС бойынша оқуды жалғастыратын білім алушыларды ауыстыру туралы ҚазҰМУ өтініші бойынша - ОӘБ білім беру ұйымдарына «Білім туралы» (68-бап), «Құқықтық актілер туралы» (43-бап) ҚР заңдарының нормаларын басшылыққа алуды ұсынады. Автономияны жүзеге асыру аясында ауысу туралы шешім қабылдау кезінде университеттерге жеке оқу жоспарларын жасай отырып, студенттерге бағытталған тәсілдер ұсынылады.
- 4.4 ҚазҰМУ-дың «Физикалық медицина және оңалту» резидентура мамандығының үлгілік оқу жоспарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы өтініші бойынша ОӘБ клиникалық бейіндер комитеттеріне 2021 жылдың қыркүйегіне дейін ұсыныстар енгізуді ұсынады.

Денсаулық сақтау – дайындау
бағыты бойынша ОӘБ төрағасы



Нургожин Т.С.